



Кафедра: «Ішкі аурулар пропедевтикасы»

МӨЖ

Тақырыбы: Қаза болудың этикалық мәселелері,
Қаралы хабарды жеткізу.


Орындаған: магистрант Амангелді А.У.
Тобы: 101-18 ММО
Қабылдаған: Каф.меңгеруші,
м.ғ.к. Қауызбай Ж.А.

Шымкент -2019ж



МАЗМҰНЫ:

1. Өлім жақындағанда адамның бойында не болады?
2. Жазылмас науқасқа оның жағдайын хабарлау керек пе?
3. Өлімге реакция берудің заңдылықтары бар ма?
4. Қаза алдындағы адамдармен өзін қалай ұстау керек?
5. Пайданылған әдебиеттер тізімі
6. Қорытынды



ӨЛІМ ЖАҚЫНДАҒАНДА АДАМНЫҢ БОЙЫНДА НЕ БОЛАДЫ?

- Өлімге деген қатынас өмір сүруге әсер етеді. Стоиктер өлім, өмірдегі маңызды оқиға деп айтқан. Әулие Августиннің пікірі де осыған ұқсас: «Тек өлімнің алдында ғана адамның болмысы көрінеді». Сонымен өлім - өмірдің шындығы.
- Өлімнің өмірге жағымды әсер ететін қабылдау қиын, өйткені біз оны тек қана қабылдаймыз. Бірақ бір сәтке болсын өлім туралы ойлардан бас тартсақ, өмір өзінің қарқынынан айырылады.



ЖАЗЫЛМАС АУРУ АДАМҒА ӨЛІМДІ БІР ТАБАН ЖАҚЫНДАТАДЫ. ОЛ АДАМНЫҢ ӨМІРІН ӨЗГЕРТЕДІ, ОСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ «ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ» БЕЛГІЛЕРІ КӨРІНІС БЕРЕДІ. (ҮАЛОМ, 1980). ӨЛІМ ТАҚАҒАНДА НЕ БОЛАДЫ? БҰЛ СҰРАҚҚА ЖАУАПТЫ ҚАТЕРЛІ ІСІКПЕН АУЫРАТЫН НАУҚАСТАРМЕН ӨҢГІМЕ БАРЫСЫНДА АЛАМЫЗ:

өмірдегі приоритеттер қайтадан бағаланады,
маңызды емес мәселелер мәнін жояды;

еркіндік сезімі пайда болады-жасағысы келмеген
заттар жасалмайды, маңызды дегеннің мәні
жойылады;

өмірдің әрбір сәтінің маңызы артады;

өмірдегі қарапайым оқиғалардың маңызы күшейеді;

керексіз болып қалпы азайып, қауіптен қорықпау
сезімі пайда болады;

- Бұл өзгерістің барлығы жазылмас науқастың сезгіштігінің артуының дәлелі болып келеді. Науқаста өзі үшін маңызды сұрақтар пайда болып, айналасындағылардан жауап күтеді. Осындай сұрақтардың бірі «Мен қашан өлемін?». Бұл сұраққа нақты жауап жоқ. Қазіргі кезде, пациентпен өлім туралы сөйлесу үлкен жауапкершілікпен өтеді. Ең алдымен өмірдегі іс-әрекеттерін тәртіпке келтіру ұсынылады. Пациентке жақында өлетінін бетіне айтпасада болады: «Әр адам, әсіресе ауыр науқас, ең жаман нәрселерге дайын болуы керек». Кейбір адамдар өзінің жердегі істерін аяқтауды ойынада алмайды, өйткені оларға бұл мәселелерді шешу өлімнің есігін ашатын сияқты көрінеді. Олармен өлім алдындағы қорқыныш проблемасын талқылауға болады.



- Пациетке жақында өлетінін бетіне айтпасада болады: «Әр адам, әсіресе ауыр науқас, ең жаман нәрселерге дайын болуы керек». Кейбір адамдар өзінің жердегі істерін аяқтауды ойынада алмайды, өйткені оларға бұл мәселелерді шешу өлімнің есігін ашатын сияқты көрінеді. Олармен өлім алдындағы қорқыныш проблемасын талқылауға болады.



ЖАЗЫЛМАС НАУҚАСҚА ОНЫҢ ЖАҒДАЙЫН ХАБАРЛАУ КЕРЕК ПЕ?

- Жазылмас науқастармен ашық сөйлесу мәселесі өте қиын болып табылады. Бұл туралы көптеген пікірлер бар. Біреулері, пациентке бүкіл шындықты айтқан жөн десе, екіншілері ауыр науқасқа мейірімділікпен карап, оған жақындап қалған өлім туралы ешнәрсе айтпайды, ал үшіншілері бұл пациенттің қалауымен жүруі керек дейді. Әрине, науқас өзінің жағдайы туралы шындықты білуге құқылы және оның құқығын аяқ асты етуге ешкімнің қақысы жоқ, бірақ «білуге құқылы» және «білуге міндетті» деген ұғымдардың бірдей емес екендігін ұмытпаған жөн. Білу қақысы мен ақпаратты таңдау қақысы бірдей емес. Пациенттің еркіндігі, оның нақты шындықты білуге деген ұмтылысына бағытталған кезде ғана толық болады.



- Ауыр науқас жақындап қалған өлім туралы ештеме білгісі келмесе, онда айналасындағылар оның таңдауын сыйлауы қажет. Қазаның таяп қалғандығын білу, көбінесе, науқастың жағдайын жеңілдетпейді, сондықтан оның аз білгендігінің де пайдасы бар. Егер пациент қанша уақыт өмір сүретіндігі туралы үзілді - кесілді мәлімет талап етсе, айналасындағылар оның дәлелдері не құлақ түріп, оның сезімдерін түсінуге ұмтылуы керек. Көзсіз батырлық көбінесе жалған болады. Шындықты аяғына дейін айтуды талап еткен кезде, пациент осы шындыққа деген өзінің реакциясын көз алдына елестете алмайды. Кейде науқастың талаптары шартты түрде болатындығы, оның нақты жауап алғысы келмейтіндігі көзге түседі, өйткені нақты жауап, оның үмітін үзеді. Клиникалық тәжірибеде бұл мәселе екі сұрақтың көлемінен шығып кетеді де, пациентке диагнозы туралы, емдеу және болжау туралы «қашан», «қалай», «қанша» айту керектігін бойына жинайды. Бұл мәселелер пациенттерге «жақсылық жаса!» қағидасын басшылыққа алатын дәрігерлерді көп толғандырады.



- Көптеген адамдар, терминалдық (өлім алдындағы) пациенттер өз жағдайы туралы толық ақпарат алуы керек деп есептейді. Сонымен қатар, көпшіліктің ойынша, бұл пациенттер медициналық емдеу, өмірін қалай аяқтау сияқты мәселелер бойынша шешімді өз еркімен қабылдауға құқылы. Шындықты айтпаудың неғұрлым жалпы себебі, өлім халінде жатқан адамды «білімнен» зақымданудан қорғап қалуға ұмтылу болып табылады. Бірақ, өлім халінде жатқан науқастардың сұрақтарына анықтап «мейірімділік жасау» және «зиян келтірме» ұғымдары арасындағы тепе-теңдікті табуымыз керек. Өлім халінде жатқан адам, өз жағдайын түсініп, көбінесе өз ауруы, таяп қалған өлім туралы өзін терең түсінетін, жұбатқысы келмейтін адамдармен әңгімелескісі келеді. Сондықтан, дәрігер немесе кеңесші өлімге байланысты қорқыныштар мен фантазипларды, өлім халінде жатқан адамның ұмтылыстарын кәсіби түрде ажырата білуі керек. Бұл пациентті таңдап қана емес, өз жеке басы өлім туралы не ойыайтынын, өмірмен қосып не жоғалтатыны туралы ойларын ортаға салуға мүмкіндік береді. Кеңесші жазылмас науқасты, өмірінің соңғы сәттеріне дейін өмір сүруге талпындыра алады.



ӨЛІМГЕ РЕАКЦИЯ БЕРУДІҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ БАР МА?

1

- Жоққа шығару. Пациенттер дәрігерге қарағанда, ең алдымен, қойылған диагноздың жоққа шығатынына сенеді. Шындық жағдай өзінен де, отбасынан да жасырылады. Жоққа шығару себепсіз үміт отын жағып, адамға өлімнің белгілерін көрсетпейді.

2

- Ашу көбінесе «Неге мен?», «Неге бұл менімен болады?», «Неге құдай мені естімейді?» деген сұрақтардан көрінеді. Компромисс. Мінез - құлқын, өмір сүру салтын өзгерту арқылы, тағ-дырдың үкімін өзінен алыстатқысы келеді.

3

- Депрессия. Жағдайының үмітсіздігін түсінгеннен кейін қоршаған ортаға деген қызығушылығы біртіндеп азайып, өкінішке оранып, оны қайғы басады.

ҚАЗА ЖАҚЫНДАҒАНДА ЖОҚҚА ШЫҒАРУ ҚАНДАЙ РӨЛ АТҚАРАДЫ?

- Bird (1973) өлу қорқынышын ауыздықтаудың маңызды кезеңі жоққа шығару деп есептейді. Оның пікірінше, жоққа шығару морфий тәрізді әсер етеді - аурудың себебін таппай, ауруы азаяды. «Жоққа шығару шындықты мойындамаудың арқасында жан күйзелістері н жеңілдетеді. Қорғаныс механизмдері санасыз түрде іске қосылып, оның қарқыны мен өту сипаты әр кімде әр түрлі болады. Кейде мұны білмейтін дәрігерлер, пациенттердің психологиялық қорғаныстары мен күресіп, олардың қиялдарын жоққа шығарып, тәлкек етеді (жазылмас ауруы бар пациенттер кейде жазылу белгі-лерін көріп... алдыңғы өмірін жоспарлай бастайды және т.б.)».



- Шындығында, өлім халіндегі адамның өлуге деген корқынышы осылайша сыртқа шығады. Ауруды бұрмалап, теріс қарылдауды жоққа шығару басқа аурулармен ауырғанда орынды болады (мысалы, миокард инфарктысы кезінде ауруды жоққа шығару пациентті өлімге алып келеді). Жоққа шығарудың көмегімен, «бәрі жақсы» деген иллюзия пайда болады. Бірақ, жоққа шығару арқылы, пациент өлімнің таяғандығын білмейді деу дұрыс емес. Ол білгісі келмейді немесе білмей жүре беруді таңдайды деп айта аламыз. Санасыздық деңгейінде пациент шындықты сезеді, бірақ оған көңіл аудармайды. Жоққа шығару тиімді болып, өз қызметін атқару үшін, ай-наладағы адамдар бұл механизмді қолданбағаны жөн.



- Әдетте, өлім халінде жатқан адамдардың жақындары, тіпті дәрігерлер де шындыққа көңіл бөлмейді, өйткені өздері де өлімнен қорқады және өмірі аз қалған адаммен қалай сөйлесу керектігін білмейді. Сөйтіп, пациентке жоққа шығару механизмін қолдануға мүмкіндік бермейді. Айналадағы адамдар «бәрі жақсы болады, жазылып кетесің», - деген кезде пациенттің қорқынышы үдеп, жақын адамдардың мұндай «ойынының» арқасында өз жағдайының үмітсіз екендігін сезеді.



ҚАЗА АЛДЫНДАҒЫ АДАМДАРМЕН ӨЗІН ҚАЛАЙ ҰСТАУ КЕРЕК? ҚОРЫТЫНДЫЛА ӨЛІМ ХАЛІНДЕ ЖАТҚАН АДАМ МЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ КЕЗІНДЕ ЕСКЕРЕТІН БІРНЕШЕ МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАНЫ АТАП КЕТЕЙІК:

- 1. Көбінесе адамдар жалғыздықта өледі, «адам әрқашанда жалғыз өледі» деген белгілі пәлсапалық тұжырымды көбінесе біржақты түсінеді және өлім халінде жатқан адамнан алыстайды осылайша ақтайды. Бірақ, адамды жалғыз қалдырса өлім қорқынышы мен ауруы күшейеді. Өлім халінде жатқан адамға, өліп қалған сияқты қарауға болмайды. Онымен қарым - қатынас жасап, халің біліп тұру өте маңызды;
- 2. Өлім халіндегі адамның шағымын мұқият тыңдап, қажеттіліктерін қанағаттандырып тұру керек;
- 3. Айналадағы адамдардың барлық тіршілігі, өлім халінде жатқан адамға бағытталуы жөн. Онымен қарым - қатынаста үстіртін оптимизмнен аулақ болу қажет, өйткені ол күмән туғызады;



- ◎ 4. Өлім халіндегі адамдар тыңдағаннан көрі, өзі сөйлегенді ұнатады;
- 5. Өлім халіндегі адамдар тыңдағаннан көрі, өзі сөйлегенді ұнатады;
- 6. Өлім халіндегі адамды тек күту, аялау нысаны деп қарастырмаған жөн. Көбінесе айналасындағылар, өлім халіндегі адамға «не жақсы?» деген мәселені шын көңілден шешкісі келеді. Бірақ жауапкершілікті барынша өзіне тарту пациенттің дербестігін азайтады. Мұның орнына оны тыңдап, емдеу туралы шешім қабылдауға қатыстыру керек;



- 7. Өлім халінде жатқан адам қолдана алатын ең үлкен нәрсе - біздіңтұлғамыз. Әрине, біз көмек берудің үлгілі құралы емеспіз, бірақ жағдайға байланысты дөп келеміз. Өлім халінде жатқан адаммен бірге болу, біздің қарапайым адамгершілікті талап етеді және оны көрсету міндетті болып табылады;
- 8. Психологтар мен дәрігерлер өз күмәндары мен күнә сезімдері және өзінің өлім жайлы ойларын мойындап, бөлісуі керек. Өлім халіндегі адаммен және оның туыстарымен жұмыс істейтін күтушілерге де маңызды көмек қажет. Олармен әлсіздік және кінәлілік сезімдерін мойындау жайында әңгімелесу керек. Дәрігерлер кәсіби сезімдерін қорлауды басынан өткізуі шарт. Бұл сезім пациенттің өлімін кәсіби күйреу деп қабылдайтын дәрігерлердің арасында жиі кездеседі.



ҚОРЫТЫНДЫ:

- Науқастардың әлеуметтік жағдайларына, ауруының ерекшеліктеріне материалдық жағдайына және т.б. өзгешеліктеріне қарамастан үнемі білікті көмек көрсетуге дайын болу дәрігердің міндеті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1. Коммуникативтік дағдылар : оқулық / М. А. Асимов, С. А. Нұрмағамбетова, Ю. В. Игнатьев.
- Алматы : Эверо, 2009. - 99бет
- 2.
https://www.google.kz/search?biw=1366&bih=657&tbm=isch&sa=1&ei=RySOXKPyFYCGk74PgpSS0AU&q=%D0%B1%D0%BE%D1%8F%D0%B7%D0%BD%D1%8C+%D1%81%D0%BC%D0%B5%D1%80%D1%82%D0%B8&oq=%D0%B1%D0%BE%D1%8F%D0%B7%D0%BD%D1%8C+%D1%81%D0%BC%D0%B5%D1%80%D1%82%D0%B8&gs_l=img.1.0.0j0i24l9.3758.8222..9935...1.0..0.247.2492.2-11.....0....1..gws-wiz-img.P0DVFNU1NuY#imgsrc=yVo9NtyLV0Z-oM:





Назарларыңызға рақмет!!!